

ӘОЖ 37.091. 31

**А.З. ОРАЛБЕКОВА, Н.А. ЗАВАЛКО**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті  
Өскемен қ., Қазақстан

**БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯ МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІПТІК  
ДАЙЫНДАУ ҮРДІСІНДЕ ОҚЫТУ ОЙЫНДАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Бұл мақалада ЖОО-ғы болашақ мұғалімнің коммуникативтік құзыреттілік қабілеттерін дамытуда жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқыту маңыздылығы, оқытудың белсенді әдістері: оқу материалын меңгеру барысында белсенді ой және тәжірибелік іс-әрекетке жетелейтін оқыту әдістері, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды оқу үдерісінде қолдану оқытудың жаңа формалары мен тәсілдері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** педагогикалық мамандық, оқыту технологиясы, педагогикалық технология, оқытудың белсенді әдістері.

**ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ  
ОБУЧАЮЩИХ ИГР В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ  
БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ТЕХНОЛОГИИ**

В данной статье рассматривается важность проблемного, игрового обучения в системе новых технологий для развития коммуникативной компетентности будущих учителей, идея активных методов обучения занимают большое место в разработке учебных материалов и практических методов обучения, которые приведут к действию, профессиональную подготовку будущих учителей в высших учебных заведениях в области применения современных образовательных технологий в учебном процессе, предоставление новых форм и методов обучения.

**Ключевые слова:** педагогическая специальность, технология обучения, педагогическая технология, активные методы обучения.

**PEDAGOGICAL TECHNOLOGIES OF USING EDUCATIONAL GAMES  
IN THE TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF TECHNOLOGY**

This article discusses the importance of the problem, the game of learning in the system of new technologies for the development of communicative competence of future teachers, the idea of active learning methods are actively involved in the development of educational materials and practical teaching methods that will lead to action, training future teachers in higher

education institutions in the application of modern educational technologies in the educational process provided new forms and methods of training.

**Keywords:** teaching profession, learning technology, pedagogical technology, active learning methods.

Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын *жеке тұлғаның* жалпы даму деңгейіне байланысты болмақ. Ал ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырушылар білім беру жүйесінің күрделі мәселелерін шешуші кәсіби-педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаздар болмақ.

Міне, осы орайда ҚР Білім және ғылым министрлігі әзірлеген «ҚР жоғары педагогикалық білім тұжырымдамасы» мен «ҚР жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілді. Жоғары педагогикалық білімді мұғалімдерге қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс [1].

Осындай талап деңгейіндегі маманды даярлау жоғары оқу орындарының үлесіне тиеді. Педагогикалық мамандық – білім беру нәтижесінде алынған және берілетін біліктілікке сәйкес кәсіптік-педагогикалық міндеттерді алға қоюды және шешуді қамтамасыз ететін білім, іскерлік және дағдылардың жиынтығынан тұратын күрделі үрдістің жемісі, яғни осы кәсіптік топ шеңберіндегі қызмет түрі. Білім деңгейі мен кәсіптік деңгейді ұдайы арттырып отыру қажет, себебі ғылым мен техниканың даму нәтижесінде білім тез ескіреді; ғылыми ақпарат көлемі тез өсіп, жаңа білім салалары дамыды, жаңа мамандықтар енгізу мен басқаруды ғылыми негізде жетілдіру қажеттігі туды. Міне, осыдан келіп әрбір адамның бүкіл өмір бойына білім алуына, оны толықтырып, жетілдіріп отыруына мүмкіндік жағдай жасалуда.

ЖОО-ғы болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығы оқу жылдары кезінде кәсіби шеберлікке мақсатты даярлаумен қоса, педагогикалық шығармашылық қызметке дайындаумен тікелей астарласуы тиіс. Ол болашақ мұғалімнің жалпы мәдени (өмірге көзқарас), методологиялық (психологиялық-педагогикалық), пәндік

блоктарды меңгеруін қамтамасыз етеді.

Оқыту технологиясы педагогикалық әдістерге негізделген. 1960 жылдарда шетел зерттеушілері «педагогикалық технология» терминін енгізді. «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер – оның бөлігі ғана», – деп көрсеткен В. Беспалько [2].

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

Педагогикалық әдебиеттерде қандай да педагогикалық технологиялар сипатын айқындаушы көптеген терминдер ұшырасады, мысалы: оқу-үйрену, тәрбиелеу, оқыту технологиялары, білімдендіру және дәстүрлі технологиялар, бағдарламаластырылған және проблемалық оқу технологиялары, авторлық технология және т.б.

*Жаңа педагогикалық технологиялар* – педагогика ғылымының жаңа саласы. Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп атауға болады.

Қазіргі заманғы білім беру үрдісінде оқу үрдісін жақсарту мақсатында көптеген білім беру технологиялары қолданылады.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы.

Педагогикалық технология кешенді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі мәселелер шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар көп түрлі болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В.Б. Беспалько, В.В. Данилов, В.К. Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибемен жүзеге келуі (Е.Н. Ильин, С.Н. Лысенкова, В.Ф. Шаталов және т.б.).

Қазақстанда саралап, модульдік, дамыта-деңгейлеп оқыту технологиялары бойынша көптеген ғалымдар: Қараев Ж.А., Кобдикова Ж.У., Жампеисова М.М., Тұрғымбаев Т. зерттеулер жүргізіп, еңбектенуде. Бұл технологиялар оқыту үрдісі мен білім сапасын жақсарту мен жетілдіру жолындағы негізгі бағыттар болып табылады.

## Ғалымдардың пікірі төмендегі кестеде ұсынылған:

1-кесте

Ғалымдар	Технологиялар	Жіктелуі
В . Л . Беспалько	Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба	Тұлғаны қалып тастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланыстағы әдіс-тәсілдер
М. Чошанов	Дидактикалық жүйенің құрамдас процессуалдық бөлігі	Дидактикада қолданылатын әдіс-тәсілдер
В.М. Монахов	Оқыту процесін жобалау, ұйымдастыру және өткізудің ойластырылған моделі	Арнайы құрастырылатын модель
Б.Т. Лихачев	Арнайы лайықталған әдістер амалдар – тәрбие құралдары түріндегі психологиялық-педагогикалық қондырғы	Арнайы лайықталған әдістер, амалдар
П.К. Селевко	Қолдану деңгейіне қарай	Жалпы педагогикалық, пәндік, жеке әдісте мелік, модульдік
	Философиялық негізіне қарай	Материалистік, идеалистік, диалектикалық, метафизикалық, ізгілікті, ғылыми, Прагматикалық
	Психикалық дамудың жетекші факторына қарай	Биогендік, социогендік, психогендік
	Ғылыми тұжырымдамасына қарай	ассоциативті-рефлекторлық, бихевиористік, гештальт технология, дамытушылық
	Тұлғалық құрылымға, бағыттылығына қарай	Ақпараттық, әрекеттік, сезімдік, эвристикалық, қолданбалы, өзін-өзі дамытушы
	Құрылымдық және мазмұндық сипатына қарай	Білімдік және тәрбиелік, жалпы және кәсіби бағытты, технократтық және гумандық

Болашақ технология мұғалімдерін кәсіптік даярлау үрдісінде оқытушы студенттерді дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт-бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуі керек. Оқытушы қауымнан студенттер тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етеді [3].

Жеке тұлғаны білімге, өмірге бағыттауға тәрбиелеу үшін студенттердің өз бойынан дәл осындай жұмыс түрлерін өткізгенде ғана нәтиже берері анық. Олай болса, студенттердің коммуникативтік құзыреттілік қабілеттерін дамытуда жаңа технология жүйесінде проблемалық, іскерлік ойын арқылы оқытудың маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын меңгеру барысында белсенді ой және тәжірибелік іс-әрекетке жетелейтін оқыту әдістері. Педагогикалық әдебиетте оқытудың белсенді әдістері мен формаларын «оқытудың белсенді топтары» немесе «белсенді оқыту» деп атайды. М. Новак оқытудың белсенді топтарының имитациялық және имитациялық емес түрлерін бөліп көрсетеді [4] (1-сурет).



1-сурет – М. Новак бойынша оқытудың белсенді әдістерінің жіктелуі

Технологияны педагогикалық іс-әрекетті қайта құрудың жүйелі тұтас құралы ретінде тиімді пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жақсартуға, жеке тұлғаны дамыту міндеттерін шешуге, оқушы-студенттің құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа педагогикалық технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегідей алғышарттар қажет: оқу үрдісін жетілдіруді жаппай қолға алу; оның ғылыми-әдістемелік, оқыту-әдістемелік, ұйымдастырушылық себептеріне үнемі талдау

жасап, назарда ұстау; жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу; пәндік білім стандарттарымен жете танысу; білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу; оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу; өйткені оқыту – тәрбиенің негізі.

Жаңа технологияның өзін мұғалім түрліше/ орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушының әрекеті: оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады. Сабақта оқытушы студенттерді дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт-бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуі керек. Оқытушы қауымнан студенттер тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етеді. Жеке тұлғаны білімге, өмірге бағыттауға тәрбиелеу үшін студенттердің өз бойынан дәл осындай жұмыс түрлерін өткізгенде ғана нәтиже берері анық.

Сабақты ойын түрінде жүргізу оқушылардың білімге ынта-ықыласын арттырады. Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақ балаларға жеңіл әрі тартымды, түсінікті болады. Оқытудың түпкі мақсаты – оның сапалы болуы, яғни сабақтың түрлері мен әдістерін, мазмұнын жетілдіруге оның әдіскерлік танымдық, білімдік, тәрбиелік қызметі мен практикалық бағытын күшейту де осы міндеттерден туындайды. Сабақты ойын түрін өткізу – сабақтың әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрін оқу үдерісінде пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезінде, қайталау сабақтарында пайдаланған тиімді. Ойын түрі сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Дидактикалық ойындар барлық сыныптарда қолданылады.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту педагогикада басымды бағыт болып есептеледі. Жалпы алғанда, өркениеттің прогрессивті дамуының негізгі қозғаушы күші шығармашыл тұлға екені белгілі. Өйткені біздің заманымыздың электрондық, атомдық, ғарыштық деп аталып жатуының өзі адамның ақыл-ойының, санасының жетілгендігінің көрінісі. Сондықтан оқушылардың оқу үдерісінде дамуын жүзеге асыру білім алу кезіндегі шығармашыл белсенділігі, өз беттерімен білімді игеру дәрежелері дидактика мен мектеп өмірінде үнемі басты мәселенің бірі болып қала береді. Әлеуметтік тұрғыда адамның белсенділігі мен дербестігі оның еңбегінің жемістілігін айқындайды және тапқырлығының мәнін

құрайды.

Белсенді оқыту әдістерін қолдану барысында студенттер әртүрлі мәселелерді талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар олардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге деген қызығушылығын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы 3 кезеңнен тұрады:

I кезең. Дайындық (рөлдерді бөліп беру, студенттерді топтарға бөлу, проблемаларын алдын ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау).

II кезең. Ойын кезеңі (студенттер жасаған хабарламаларды тыңдау, пікірталас жасау, қабылданатын шешімді талқылау және оны бақылау, талқыланған шешімді қабылдау).

III кезең. Қорытындылау (проблеманы шешудің тиімді жолдарын іздестіру).

Іскерлік ойындарының дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық (элеуметтендірушілік) маңызы зор. Ойын технологиясы бойынша студенттермен «Іскерлік ойын», «Идеялар банкі», «Сюжетті рөлдік ойындар» арқылы сабақтарды түрлендіріп жүргізуге болады. **Іскерлік ойында «Технология» пәні бойынша 8-сыныпта ашық сабақтың ұйымдастырылуы»** тақырыбын алатын болсақ, студенттерді үйге берілген тапсырмалар бойынша мынандай рөлдерге бөлуге болады: директор, әдіскер, мұғалім, әріптесі, оқушылар т.с.с етіп бөліп, әрқайсысының мақсатымен таныстыру, тапсырмалар беру арқылы өткен тақырыпты қайталау. Ойын барысында ойнаушылар педагогикалық процестің ішкі дүниесіне көз жіберіп, бала мен мұғалім, мұғалім мен басшылық, мұғалім мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынасты танып-біліп, әдіскер мен менгеруші жұмысының тікелей қандай жұмыстар атқаратынын білуге мүмкіндік туады.

**Идеялар банкі.** Топтың алдына бір міндет қойылады (мысалы: тәрбиешінің ата-аналармен жүргізетін тиімді жұмыстары), осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды бір топ жинап алып, оларға баға береді. Сонда бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылады, ол топтармен талдау жасалып, бағаланады.

**Біліміне қарай саралап оқыту технологиясын** пайдалануда студенттердің мүмкіндіктерін, талап-тілектерін ескере отырып тапсырма беріледі. Мысалы, «Отбасы тәрбиесінің негізгі мәселелері» тақырыбында 2, 3 студент баяндама жасап келсе, кейбір студенттерге ата-аналармен жүргізілетін сауалнамалық сұрақтар, педагогикалық кеңестер, сөзжұмбақ құрастыру тапсырмалары беріледі. Тапсырма алмаған студенттерге карточкалармен сұрақтар, педагогикалық жағдаяттарға жауап дайындауға болады [5].

Қорыта айтқанда оқыту үдерісінде оқыту ойындары технологияларын

қолданып оқыту арқылы дүниенің тұтастығын түсінуге болады, жалпы интеллекттің артуына ықпал жасалады. Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды оқу үдерісінде қолдану жаңа оқу пәндерінің пайда болуына алып келеді және осыған байланысты оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін қарастырудың өзектілігі артады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жубауова Ж. Мұғалім мәдениеті және кәсіби құзырлылығы / Ж. Жубауова // Қазақстан мектебі. – 2013. – №11. – Б. 15-16.
2. Құрманалина Ш.Х. Педагогика. – Алматы, 2008.
3. Таубаева Ш.Т. Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования (книга 1) / Ш.Т. Таубаева, С.Н. Лактионова. – Алматы: Ғылым, 2001.
4. Мынбаева А.К. Активные методы и формы обучения в высшей школе / А.К. Мынбаева, З.А. Исаева, З.М. Садвакасова. – Алматы, 2005.
5. Сармалаева С.К. Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын пайдалану арқылы студенттердің жан-жақты құзыреттілігін арттыру жолдары // интернет материалы.

#### REFERENCES

1. Zhubauova Zh., *Muqalim madenieti zhane kasibi quzyrlylygy. Qazaqstan mektebi, 2013, 1, 15, 16 (in Russ).*
2. Qurmanalina Sh.H., *Pedagogika, Almaty, 2008 (in Russ).*
3. Taubaeva Sh.T., Laktionova S.N., *Pedagogicheskaja innovatika kak teorija i praktika novovedenij v sisteme obrazovanija. Almaty. Qylym, 2001 (in Russ).*
4. Mynbaeva A.K., Isaeva Z.A., Sadvakasova Z.M., *Aktivnye metody i formy obucheni-ja v vysshej shkole. Almaty, 2005 (in Russ).*
5. Sarmalaeva S.K., *Oqytudyn zhana pedagogikalıyq tehnologijalaryn pajdalanu arqyly studentterdin zhan zhaqty quzirettiligın arttyru zholdary (in Russ).*

УДК 372.874

#### Н.Н. РАДЧЕНКО, Н.Ю. ГУСЛЯКОВА

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,  
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

#### ЭЛЕКТРОННЫЕ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ В ОБРАЗОВАНИИ

В статье раскрывается содержание понятия – электронные ресурсы. Дается классификация электронных ресурсов по разным направлениям и рассматриваются виды электронных ресурсов по их назначению.

**Ключевые слова:** информационно-коммуникационные технологии, электронные ресурсы, классификация электронных ресурсов.